# Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі

Біздің мемлекеттік тіл ~~ол~~ қазақ тілі. Ата-бабаларымыз осы қазақ тілін алуда көп қиыншылық көрді. Қазақ тілі болмай тұрып, ата-бабаларымызды орыстар басқарып, орыс тілімен сөйлететін. Тіпті мектептерде орысша еді. Көптеген ақын-жазушыларымызды көре алмай, түрмеге қамап, өлім жазасына кескен. Себебі олар қазақтарға оқу, жазуды үйретеді деп, қазақтар білімді, оқыған болса бізді басып алады деп ойлаған. Және де ақын жазушылар сол жорлаған өлеңдер арқылы қазақтарда болып жатқан қастандықты, зорлық-зомбылықты жеткізіп отырған. Оны білген орыстар сол өлеңдерді құртып, жазған адамды да өлтірген. Осылай қазақ тілі жойылып отырған.

Қазақ тілі ол қазақтар үшін ең киелі, ең құрметті тіл. Аға-әпкелеріміз сол қазақ тілімізді қайтару үшін, тіпті көтеріліске де шыққан. Соның бірі Желтоқсан оқиғасы. Желтоқсан оқиғасында жаппай аға-әпкелеріміз тәуелсіздік алу үшін көтеріліске шыққан. Көтеріліске шыққан мақсаттары, тәуелсіз ел болу, қазақ тілінде сөйлеу, басшымыз қазақ болсын деген ой болған. Және де көбі сол Алматыдағы студенттер болған. Орыстар көтерілісті тоқтатамыз деп, тіпті аға-әпкелерімізді де қорлаған. Қыстың қаһарлы аязында үстілеріне мұздай су құйған, ұзын-ұзын темірлермен ұрған. Қыз-келіншектерді зорлық-зомбылықпен өлтірген. Ал өлген аға-әпкелерімізді, туыстары ақыз-шағым жазбасын деп, басқалай өлді деп жазып берген. Бірі үлкен ғимараттан құлады деп, бірі өз-өзіне қол



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жүрсада деп. Тәуелсіз ел болу үшін көтеріліске шыққан Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира болған. Оларға халық қаһарманы деген атақ берілген. Біз сол кісілерге үлкен рақмет айтамыз. Олар болмаса тәуелсіз елде тұрмас едік, көптеген мүмкіндіктеріміз болмауы да еді, қазақша сөйлеместе едік.

Қорытындылай келсек біз қазақ тілін құрметтеуіміз керек. Қазақ тілі бізге осындай үлкен қиыншылықтармен келген. Сол үшінде бізге қазақ тілі өте қымбат. Тіл ол адамның сөйлеу мүшесі. Тіл арқылы жақсы сөздерді үйренеміз. Сол себепті қазақ тілі Қазақстан Республикасы үшін мемлекеттік тіл.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі.

„Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп"
Абай Құнанбайұлы

Абай Құнанбайұлының өлеңдері-қазақ халқының рухани байлығы, адами құндылықтары мен ұлттық мінезін терең бейнелейтін мәңгілік мұра. Ақын поэзиясы арқылы адамгершілік, білім, еңбек, әділдік секілді жалпыадамзаттық қасиеттерді дәріптеп қана қоймай, қазақ ұлтына тән мінез-құлықтың кемшілігі мен артықшылығын ашып көрсетеді. Сондықтан Абай шығармалары ұлтты тәрбиелейтін рухани мектеп.

Абай өлеңдеріндегі басты адами құндылық-адамды сүю. „Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп" деген жолдар ақынның гуманистік көзқарасын дәлелдейді. Ол адамды ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына қарап бөлмей, барша адам баласын тең көреді. Бұл-бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды ой. Сонымен қатар ақын ар-ождан, әділдік, шындық ұғымдарын жоғары қояды. „Пайда ойлама, ар ойла" деген өсиеті адам өміріндегі ең басты өлшем-адамдық екенін аңғартады.

Екінші бір маңызды құндылық-білім мен еңбек. Абай „Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде жалқаулық пен надандықты сынап, талап, еңбек, терең ой арқылы ғана адам кемелдікке жететінін айтады. Бұл арқылы ақын қазақ қоғамындағы артта қалушылықтың себебін дәл тауып, одан шығудың жолын көрсетеді.

Абай өлеңдерінде ұлттық мінездің де көрінісі айқын. Ол қазаққа тән кеңпейілдік пен қонақжайлықты жоғары бағалай отырып, бірліксіздік, күншілдік, мақтаншақтық сияқты кемшіліктерді қатты сынайды. „Біріңді қазақ, бірің дос" деп елді ынтымаққа шақыруы-ұлттық сананы оятуға бағытталған үндеу.

Қорытындылай келе, Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар мен ұлттық мінез көрінісі-қазақ халқының рухани айнасы. Ақынның ойлары уақыт өткен сайын өзектілігін жоғалтпай, әр буынға бағыт-бағдар беріп келеді. Абайды оқу-өзіңді тану, ұлтыңды тану.

„Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі".

Абай өлеңдері адамдарды әрқашан оландырып қалатын дәрежеде. Ол өлеңдерінде құндылықтарды ерекше дәріптеп, оқушыға ерекше әсер қалдырады. Оның ғылым, білім, өмір жайлы бірнеше өлеңдері бар. Сол өлеңдерінде адами құндылықтарды қозғамай кетпейді.

Абай Құнанбайұлының „Өлең сөз патшасы, сөз сарасы" өлеңінде нағыз өлеңнің қандай болу керектігін айтады. Тек соны ғана қозғап кетпей, адами құндылықтарға да тоқталады. Заманның бұзылып жатқанын, адамдардың өлеңді ермек үшін, жоғарыдағыларға жағымпаздану үшін жазып жүргенін айтып кетеді. „Болыс болдым, мінеки" өлеңі бар. Бұл өлеңде, әділетсіз жолмен болыс болған адамды сипаттайды. Оны біз бас жолдарынан біле аламыз: „Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап." „Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да" өлеңі, ақынның тек достан емес, барлығынан көңілінің қалғанын түсіндіретін өлең. Ол кездегі халқының бұзылғанын, бәрі пара, мал беріп, жетістікке жетіп жатқанын, өз жерінің қамын ойламай, тек өз бастарын ойлап жүрген надандар жайлы, досының керек кезде қасынан табылмайтынын және т.б. мәселелерді қозғайды. „Сегізаяқ" өлеңі - 8 тармақты, ерекше өлең. Бұл өлеңде де, Абай, адам бойындағы жаман қасиеттерді дәріптеп, жақсы жаққа шығуға шақырады. Сонымен қатар, Абайдың жалғыздық сезімі сезіледі. Абайды ешкім, тіпті туғандарының өзі түсінбеген,



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Оның айтқан сөздеріне мән бермеген. Абай өлеңдерінде халқының тек жақсы жаққа өзгеруін қалап, сынайды. Халқы жатты қатты айтса да, бәрібір де халқын жақсы көріп тұр. Жақсы көргеннен, ұяттыдап, түзелгендерін қалайды. Ол көптеген өлеңдерінде өмір сүруге бөгет болатын қасиеттер туралы айтады. Оның ішінде еріншектік, көрсеқызарлық, сабырсыздық, көреалмаушылық, екіжүзділік, арсыздық т.б жаман әдеттер бар. Абай „Босқа отырмай, мал тап" деді. Тағы да, өтіріктің соңында өкінбейтіндей, артынан тура қалдырған дұрыс екенін айтып кетеді. Мені қызықтырған, тіпті осындай данышпан тұлғаның өзі, өз ісіне қанағаттанбаған. Сонда, Абайдың қасында, біз кім боламыз? Біз Абай өлеңдерін оқығанда, оны дәл Абай тілімен түсіне алмаймыз. Себебі, өз ойын күрделі тілде жеткізе білген.

Қорытындылай, Абай өлеңдерінде адами құндылықтар басым кездеседі. Оның ұлтына деген жанашырлығы сонша, соған байланысты, бір емес, бірнеше өлең жазып кеткен. Ол қатты сынға алып тұрса да, ұлтын жақсы көріп, болашағы үшін ұятандап, отарын түзету мақсатында өлеңдерін бізге, халыққа арнаған. Бұл нағыз ұлтына деген махаббат.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ